

**БЕКІТЕМІН**  
**«Қостанай облысы**  
**әкімдігінің мәдениет**  
**басқармасы» ММ**  
**басшысы**

**Е.Калмақов**  
2022 жылты « » күркүйек



**Нұржан Наушабайұлы атындағы  
«Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен...»  
III респубикалық жыр-терме, дәстүрлі ән  
орындаушылар байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Қасиетті Ұлы дала үнінен қуат алып, әсем әндерімен тындарман жүртyna шуақ берген ұлы өнер иесі Нұржан Наушабайұлының шығармашылығы - ұлттық музыка өнеріндегі қайталанбас дара құбылыс. Осы киелі мұраны кеңінен, тереңінен насихаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарымызды өнердің көсір бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шындауға ықпал ету мақсатында «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ қолдауымен, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнекор орталығы» КМҚҚ ұйымдастыруымен 2022 жылдың қараша айында 17-18 күндері Қостанай қаласында Н.Наушабайұлы атындағы респубикалық дәстүрлі ән орындаушыларының байқауын өткізеді.

**Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар**

- Байқауға Қазақстан Республикасы облыстарының өнер үйымдарының өкілдері қатыса алады;
- Байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас;
- Байқау жеке орындаушылар арасында өтеді;
- Орындалатын шығарма 5 минуттан аспауы қажет.

**Байқау екі кезеңнен турады**

**I-кезең**

1. Н.Наушабайұлының бір шығармасын орындау (бір ән немесе бір терме)
2. халық әнін орындау
3. Қазақ композиторларының бір әні

I кезеңдің іріктеуінен өткен үміткерлер II кезеңге қатысып өнер көрсете алады.

## **П-кезең**

1. Н.Наушабайұлының бір шығармасын орындау; (бір ән немесе бір терме)
2. Екінші ән халық әні
3. Заманауи композиторларының бір шығарма

## **Бағалау өлшемдері**

- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, дауысының кеңдігі;
- Сахна мәдениетін сақтай білуі.
- Ұлттық киім үлгісі

## **Марапаттау жүлделері**

- Бас жүлде;
- 1 орын;
- 2 орын;
- 3 орын;

## **Байқаудағы қазылар құрамы мен ұйымдастыруышы тараптың талаптары**

Байқаудың қазылар алқасына еліміздегі музика өнерінің қайраткерлері шақырылады. Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді. Байқау барысында қазылар тарапынан әннің толық орындалуы немесе тоқтатылуы (ұміткердің ән орындау әлеуеті белгілі болған жағдайда жартылай орындалу) мүмкін.

Қазылар алқасы барлық сыйлықтарды тағайындауда, бір сыйлықты бөлуге құқылы, шешім хаттамамен рәсімделеді.

Байқау лауреаттары қорытынды Гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетуге міндettі.

Гала-концертке қатысушылардың құрамын және гала концертте орындастырын ән бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап бекітеді және бұлжытпай орындалуы талап етіледі.

## **Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру**

- Ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді;
- Қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді. (Уміткердің ұстаздары, және бірге еріп келген адам барлық шығындарын өздері көтереді).

## **Үміткерлердің тапсыратын құжаттары**

- Өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс)
- Жеке куәлігі құжатының көшірмесі.
- Шығармашылық өмірбаяны.
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.
- 20 ..... сан, банк шоты.

Қатысушылардың өтінімдері [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) электронды мекен-жай бойынша 2022 жылдың 1-ші қарашасына дейін қабылданады (электронды хаттың тақырыбында міндетті түрде Республикалық дәстүрлі әншілер байқауына дег көрсетілуі керек).

Мекен-жайы: Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй.

Байланыс телефоны: 8(7142) 56-04-12, 56-01-29. 87075633152

**Отініш үлгісі:**

Аудан, қала	
Аты-жөні	
Жас ерекшелігі	
Мекен-жайы	
Жұмыс орны	
I кезең, II кезең	
Бағдарламасы,	
Байланыс телефоны	